Қазақстан Республикасы
ҰЛТТЫҚ
МУЗЕЙІ

МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 3006-1377 (online)

№2 (113)

Астана
2026

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – саяси ғылымдар кандидаты, алқа төрағасы (Қазақстан)

ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы – алқа төрағасының орынбасары,Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы – ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЯҒАН Бүркітбай Гелманұлы – ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (Қазақстан)

ОҢҒАРҰЛЫ Ақан – тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Өзбекстан)

ЦЗИ Сяофен – PhD докторы (Қытай)

ВОЛЬФРАМ Сабине – PhD докторы (Германия)

ШТЕЙН Гил – PhD докторы (АҚШ)

ОУТРАМ Алан – PhD докторы (Ұлыбритания)

ШОМФАЙ Иштван – PhD докторы (Венгрия)

ӘБДУАҚАП Қара – PhD докторы (Түркия)

ДАВЫДОВ Владимир Николаевич – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, PhD докторы (Ресей Федерациясы)

АҒАТАЙ Өткірбай Мылтықбайұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ИСКАКОВ Қуаныш Алдабергенұлы – PhD докторы (Қазақстан)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbay	– Honorary Academician of the NAS RK, doctor of Historical Sciences, Professor, Honored Worker of RK (Kazakhstan)
Ongaruly Akan	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Umitkaliev Ulan	– candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Ismailova Zhanat	– doctor of Historical Sciences, Professor (Uzbekistan)
Ji Xiaofen	– PhD (China)
Wolfram Sabine	– PhD (Germany)
Gil Stein	– PhD (USA)
Alan Outram	– PhD (UK)
Somfai Istvan	– PhD (Hungary)
Abdulvahap Kara	– PhD (Turkey)
Davydov Vladimir	– candidate of Sociological Sciences, PhD (Russian Federation)
Agatay Otkirbay	– PhD (Kazakhstan)
Duvanbekov Ruslan	– PhD (Kazakhstan)
Iskakov Kuanysh	– PhD (Kazakhstan)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА Акмарал Госмановна – заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожахметович – академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашевич – доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЯГАН Буркитбай Гелманулы – Почетный академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, Заслуженный деятель РК (Казахстан)

ОНГАРУЛЫ Акан – кандидат исторических наук (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна – доктор исторических наук, профессор (Узбекистан)

ЦЗИ Сяофен – PhD доктор (Китай)

ВОЛЬФРАМ Сабине – PhD доктор (Германия)

ШТЕЙН Гил – PhD доктор (США)

ОУТРАМ Алан – PhD доктор (Великобритания)

ШОМФАЙ Иштван – PhD доктор (Венгрия)

КАРА Абдуакап – PhD доктор (Турция)

ДАВЫДОВ Владимир Николаевич – кандидат социологических наук, PhD доктор (Российская Федерация)

АГАТАЙ Уткирбай Мылтыкбайулы – PhD доктор (Казахстан)

ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырулы – PhD доктор (Казахстан)

ИСКАКОВ Куаныш Алдабергенович – PhD доктор (Казахстан)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Музей ісі / Museology / Музейное дело

Әбдіғалиұлы Б., Кадримбетова Н. Музей кеңістігіндегі тас мүсіндер: ғылыми зерттеу және экспозициялау мәселелері
Әбдіғалиұлы Б., Кадримбетова Н. Каменные изваяния в музейном пространстве: вопросы научного изучения и экспонирования
Abdigaliuly B., Kadrimbetova N. Stone statues in museum spaces: issues of scholarly research and exhibition... 8

Каженова Г.Т., Акжасарова А.К. Визуальные стратегии Национального музея Республики Казахстан в контексте формирования национальной идентичности
Каженова Г.Т., Акжасарова А.К. Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру контексіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің визуалды стратегиялары
Kazhenova G.T., Akzhasarova A.K. Visual strategies of the National museum of the Republic of Kazakhstan in the context of the formation of national identity..... 24

Tynaikulova M., Mukhtarova G., Kadrimbetova N. Reconstruction and museumification of the remains of the Golden Man: contemporary methods of research and digitalization
Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н. Алтын адамның қанқа сүйегін жаңғырту және музейлендіру мәселелері: заманауи әдістері мен цифрландыру
Тынайкулова М., Мухтарова Г., Кадримбетова Н. Реконструкция и музеефикация останков золотого человека: современные методы исследования и цифровизация..... 37

Асылбекова Н.О., Баудиярова Қ.Б., Кистаубаева А.Қ. Қазақ кесеқабы: көшпелі тұрмыстың музейлік бейнесі
Асылбекова Н.О., Баудиярова К.Б., Кистаубаева А.К. Казахский кесеқап: музейное отражение кочевой бытовой культуры
Asylbekova N.O., Baudiyarova K.B., Kistaubayeva A.K. Kazakh keseqap: the museum image of nomadic lifestyle..... 51

Археология / Archaeology / Археология

Таймағамбетов Ж.К., Алипова С.Б. О некоторых методах естественно-научных дисциплин применяемых в исследовании палеолита Казахстана
Таймағамбетов Ж.Қ., Алипова С.Б. Қазақстан палеолитін зерттеуде қолданылатын жаратылыстану-ғылыми пәндердің кейбір әдістері туралы
Taimagambetov Zh., Alipova S. On some methods of natural science disciplines applied in the study of the paleolithic of Kazakhstan..... 62

Талеев Д.А. Келес өңірі қалалары мен қоныстарының типологиясы
Талеев Д.А. Типология городов и поселений Келесского региона
Taleev D.A. Typology of cities and settlements of the Keles Region..... 75

Бисембаев А., Калдыбаева Г., Ахатов Г. Средневековый форпост Жезды на северных чинках Устюрта: предварительные итоги исследования
Бисембаев А., Калдыбаева Г., Ахатов Г. Үстірттің солтүстік жартастарындағы ортағасырлық Жезді бекеті: зерттеудің алдын ала нәтижелері
Bisembayev A., Kaldybayeva G., Akhatov G. Medieval outpost Zhezdy on the northern escarpments of Ustyurt plateau: preliminary results of the study..... 89

Имангалиева М., Акымбек Е. Природный фактор в выборе трасс караванных путей средневековья в Талас-Асинском бассейне

Иманғалиева М., Ақымбек Е. Талас-Аса алабындағы ортағасырлық керуен жолдарының бағыттарын таңдаудағы табиғи фактор
Imangaliyeva M., Akymbek Ye. Natural factor in the selection of medieval caravan routes in the Talas-Asa bas in..... 99

Мұрғабаев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серікбай Ә. Қаратау жартас суреттерінің ішкі семантикалық сипатын саралау
Мургабаев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серикбай А. Анализ внутренней семантики наскальных рисунков Каратау
Murgabaev S., Bakhtybaev M., Maldybekova L., Serikbay A. Analysis of the Semantic Properties of the Karatau Rock Pictures..... 112

Шағирбаев М.С., Ганиева А.С., Сакенов С.К., Идришева Б.У. Археозоологическая характеристика хозяйственного уклада казахской зимовки Тажегул-2 XVIII–XIX вв.
Шағырбаев М.С., Ғаниева А.С., Сәкенов С.Қ., Идришева Б.У. XVIII–XIX ғғ. Тәжіғұл-2 қазақ қыстауының шаруашылық құрылымының археозоологиялық сипаттамасы
Shagirbayev M.S., Ganieva A.S. Sakenov S.K., Idrisheva B.U. Archaeozoological characterization of the economic structure of the kazakh wintering site Tazhegul-2 of the 18th–19th centuries..... 125

Бекзаткызы И. Цифровые 3D-модели керамики как источник морфометрических данных (на материалах Костанайского областного историко-краеведческого музея)
Бекзатқызы И. Керамиканың цифрлық 3D-модельдері морфометриялық деректер көзі ретінде (Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейінің материалдары негізінде)
Bekzatkyzy I. Digital 3D models of ceramics as a source of morphometric data (based on the materials of the Kostanay regional museum of history and local lore)..... 148

Этнология / Ethnology / Этнология

Somfai Kara D. Kipchak-Turkic (Kuman) speaking peoples and Hungarian prehistory
Шомфаи Кара Д. Қыпшақ-түркі (құман) халықтары және мажарлардың арғы тарихы
Шомфаи Кара Д. Кыпчакско-тюркские (куманские) народы и предыстория венгров..... 162

Эшбекова Г.У., Үмітқалиев Ұ.У., Саутбекова А.Г. Қазақ халқының зергерлік бұйымдарындағы космологиялық символдар мен сакралдық түсініктер (Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі материалдары негізінде)
Эшбекова Г.У., Умиткалиев У.У., Саутбекова А.Г. Космологические символы и сакральные представления в ювелирных изделиях казахского народа (на основе материалов Национального музея Республики Казахстан)
Eshbekova G.U., Umitkaliyev U.U., Sautbekova A.G. Cosmological symbols and sacred concepts in the jewelry of the Kazakh people (based on the materials of the National Museum of the Republic of Kazakhstan)... 168

Ермекбаева М.А. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр бейнесінің этномәдени семантикасы
Ермекбаева М.А. Этнокультурная семантика образа волка в казахских пословицах и поговорках
Yermekbayeva M.A. Ethnocultural semantics of the wolf image in Kazakh proverbs and sayings..... 179

Жумадилова К.А., Экиджи М., Утенов О.Т. Түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы «Жер-Су» ұғымы: мифологиялық негіздері мен мінәжат тәжірибелері
Жумадилова К.А., Экиджи М., Утенов О.Т. Концепт «Жер-Су» в традиционном мировоззрении тюркских народов: мифологические основы и ритуальные практики
Zhumadilova K.A., Ekici M., Utenov O.T. The concept of «Yer-Sub» in the traditional worldview of Turkic peoples: mythological foundations and ritual practices..... 191

Тарих / History / История

Сыдықов Е.Б., Дүйсен С.Ж., Жұманбай Р.Н. 1920–1930 жылдары Қызылорда қаласында арнаулы орта және жоғары оқу орындарының құрылуы
Сыдыков Е.Б., Дуйсен С.Ж., Жуманбай Р.Н. Создание средних и высших учебных заведений в городе Кызылорда 1920-1930 годы
Sydykov E.B., Duysen S.Zh., Zhumanbay R.N. Establishment of secondary and higher educational institutions in the city of Kyzylorda 1920-1930 years..... 202

Baigabatova N. K., Ishkalova G.I. Labor market adaptation strategies of repatriates in the Zhetysu region
Байгабатова Н.К., Ишкалова Г.И. Репатрианттардың Жетісу облысының еңбек нарығына бейімделу стратегиялары
Байгабатова Н. К., Ишкалова Г.И. Стратегии адаптации репатриантов к рынку труда области Жетысу... 216

Примкулова Г.Ж., Динашева Л.С., Орынбасарова Г.Ж. Дәруіштер мұрасының Түркістан қаласының рухани-мәдени келбетін қалыптастырудағы рөлі мен маңызы
Примкулова Г.Ж., Динашева Л.С., Орынбасарова Г.Ж. Значение наследия дервишей в формировании духовного и культурного облика города Туркестан
Primkulova G.Zh., Dinasheva L.S., Orynbasarova G.Zh. The role of dervish heritage in shaping the spiritual and cultural identity of Turkestan..... 225

Шолу / Review / Обзор

Жунисханов А., Маслов Х.Б., Құрманғалиев А. Ә.Т. Төлеубаевтың «Раннесакская Шиликтинская культура» монографиясына шолу
Жунисханов А., Маслов Х.Б., Курмангалиев А. Обзор на монографию А.Т. Толеубаева «Раннесакская Шиликтинская культура»
Zhuniskhanov A., Maslov Kh.B., Kurmangaliev A. Review of A.T. Toleubayev's The Early Saka Shilikti Culture..... 238

ҒТАМР 16.21.51 https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.14

Ермекбаева М.А.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан Республикасы
e-mail: maira_08@bk.ru

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ҚАСҚЫР БЕЙНЕСІНІҢ ЭТНОМӘДЕНИ СЕМАНТИКАСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқырдың этномәдени семантикасы қарастырылады. Қасқыр бейнесі қазақ халқының дүниетанымында, мәдени жадында және құндылықтар жүйесінде маңызды орын алатын күрделі мәдени-когнитивтік код болып табылады. Зерттеудің мақсаты – қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқырдың семантикалық құрылымын анықтау және оның этномәдени мазмұнын ашу. Зерттеу материалы ретінде «Бабалар сөзі» жүзтомдығының мақал-мәтелдерге арналған томдарынан қасқыр, бөрі, абадан, бөлтірік және басқа да атауларға байланысты 120-дан астам паремиялық бірлік пайдаланылды. Зерттеуде сипаттамалық, семантикалық, этнолингвистикалық, салыстырмалы және жіктеу әдістері қолданылады. Талдау барысында қасқыр образына қатысты мақал-мәтелдердің қауіп пен жыртқыштық, зұлымдық пен қатыгездік, ашкөздік пен тойымсыздық, батырлық пен батылдық, еркіндік пен тәуекелділік, сондай-ақ бірлік, жолдастық және тектілік ұғымдарын бейнелейтін негізгі семантикалық топтары айқындалды. Сондай-ақ, «қасқыр» және «бөрі» атауларының қолданысында белгілі бір мағыналық жіктеу сақталғаны анықталды: «қасқыр» атауы көбінесе қауіп, жыртқыштық және зұлымдық семантикасымен байланысса, «бөрі» атауы күш, батылдық, еркіндік және тектілік ұғымдарымен сабақтасады. Зерттеу нәтижелері қасқыр образы қазақ дүниетанымындағы көпқабатты этномәдени модель және ұлттық құндылықтар жүйесін, мәдени жад пен дүниетанымдық ұстанымдарды бейнелейтін маңызды тілдік-мәдени кодтардың бірі екенін көрсетті.

Түйін сөздер: қазақ мақал-мәтелдері, паремия, қасқыр образы, бөрі, этномәдени семантика, этнолингвистика, мәдени код, түркі дүниетанымы, зоонимдер, функционалды-семантикалық өріс.

Дәйексөз үшін: Ермекбаева М.А. қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр бейнесінің этномәдени семантикасы // Мәдени мұра. 2026. №2 (113). бб. 179-190 (қаз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.14

Кіріспе

Мақал-мәтелдер – ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қазынасының бір бөлігі. Олар ұлттың өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымының негізінде туып, халық болмысын жан-жақты танытады. Мақал-мәтелдерде қоғамдық өмірге, тұрмыс-тіршілікке, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге түсініктер көрініс тауып, халықтың мәдени танымы мен рухани құндылықтары ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырады. Олардың мазмұны халық даналығын, өмірлік тәжірибесін және ғибратты ойларды қамтитындықтан, мақал-мәтелдер адамдардың санасында өмірлік маңызды тұжырымдар ретінде қабылданады. Осыған байланысты мақал-мәтелдердегі негізгі идея көбінесе бейнелі салыстырулар, аллегориялық бейнелер немесе қысқа әңгімелер арқылы беріледі. Бұл тәсіл айтылған пікірдің әсерін күшейтіп қана қоймай, оның мазмұнын анық және түсінікті жеткізуге мүмкіндік береді.

Мақал-мәтелдердің тілдік құрылымы мен баяндау ерекшеліктерінен халықтың дүниетанымы мен эстетикалық талғамы айқын көрінеді. Әсіресе күрделі және абстрактілі ұғымдарды нақты образдар арқылы жеткізу, ойды қысқа да нұсқа беру қазақтың дәстүрлі

сөз мәдениетіне тән қасиеттердің бірі болып табылады. Мақал-мәтелдердегі сөз қолданысы мен сөйлем құрылымынан халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тілдік тәжірибесі мен көркемдік танымы аңғарылады. Осы ерекшелікке байланысты мақал-мәтелдер тек тілдік бірліктер ретінде ғана емес, халықтың жинақталған танымдық тәжірибесін сақтайтын когнитивтік модель ретінде де қарастырылады. Р. Хонек мақал-мәтелдердің адам санасында дайын когнитивтік құрылым түрінде сақталып, белгілі бір жағдаяттарды бағалау және түсіндіруге қолданылатынын атап өтеді (Honeck, 1997: 86- 90). Сонымен қатар, ғалым мақал-мәтелдердің маңызды белгілерінің бірі олардың образды әрі астарлы сипатында екенін айтып, олардың басым бөлігі метафоралық ойлауға негізделіп, тура мағынадан гөрі ауыспалы мағына арқылы әсер ететінін көрсетеді (Honeck, 1997: 66-78). Мұндай бейнелі құрылым мақал-мәтелдердің ықшам түрде танымдық мәдени ақпаратты жеткізуіне мүмкіндік береді.

Әрбір мақал мен мәтел онда айтылған (немесе астарланған) заттар мен құбылыстар арасындағы нақты бір қатынасты бейнелейді (модельдейді) немесе олардың қандай да бір қасиеттерін тікелей немесе жанама түрде сипаттайды (Пермяков, 1979: 53). Осыған байланысты Г.Л. Пермяков паремияларды халықтың дүниетанымы мен логикалық ойлау жүйесін бейнелейтін құрылымдық-семантикалық модельдер ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, мақал-мәтелдерде халықтың өмірлік тәжірибесі мен бағалау жүйесі жинақталып беріледі.

В. Мидер мақал-мәтелдерді халықтың өмірлік тәжірибесін, дүниетанымын және мәдени құндылықтарын жинақтап жеткізетін тілдік-мәдени құбылыс ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, мақал-мәтелдер тек фольклорлық мұра емес, халықтың тарихи және әлеуметтік тәжірибесін сақтайтын әрі ұрпақ жадында жалғастыратын маңызды мәдени механизм болып табылады (Mieder, 1997: 399-400). Осы ерекшелігіне байланысты қазіргі паремиология мақал-мәтелдерді тек тілдік тұрғыдан емес, олардың танымдық, мәдени және әлеуметтік қызметтері аясында да қарастырады. Сондықтан бұл сала антропология, фольклортану, лингвистика, психология, семиотика және мәдениеттану сияқты ғылымдармен тығыз сабақтастықта зерттеледі.

Ғалым Ә. Қайдар «Этнос туралы кейбір деректер бүгінгі ұрпаққа археологиялық қазбалар мен сәулет кесенелері, тас мүсіндер мен қашалып жазылған тас ескерткіштер арқылы да жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі – этнос басып өткен өмірдің мың да бір елесі ғана. Этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тіл арқылы ұрпақ жадында ғана сақталады екен» деп, этнос болмысына қатысты тіл фактілерін этнографияға қарағанда этнолингвистика әлдеқайда кең әрі ауқымды пайдаланатынын атап көрсетеді. Оның пікірінше, тілдегі мәдени-танымдық ақпаратты жан-жақты зерттеу ұлттың дүниетанымын, мәдени жадын және ұлттық танымын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін негізгі құрал қызметін атқарады (Қайдар, 1998: 11-14). Осыған байланысты ғалым этнолингвистиканың негізгі арналарының бірі ретінде мақал-мәтелдерді қарастырып, олардың бойында этнос болмысына, рухани және материалдық мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүрі мен наным-сеніміне қатысты мол ақпарат жинақталғанына ерекше мән береді.

Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас адамзат мәдениетінің қалыптасуындағы маңызды құбылыстардың бірі болып табылады. Табиғаттағы жануарлар бейнесі халықтардың мифологиялық танымында, фольклорында, тілінде және рухани мәдениетінде ерекше символдық мәнге ие болды. Соның ішінде қасқыр образы әлем халықтарының мәдени кеңістігінде кең таралған архетиптердің бірі ретінде танылады. Әртүрлі халықтардың мифологиясында қасқыр кейде қауіп пен жыртқыштықтың, кейде күштің, еркіндіктің және жауынгерлік рухтың символы ретінде көрінеді. Бұл қасқыр концептісінің көпқабатты әрі бинарлық семантикаға ие екенін көрсетеді.

Тіл білімінде жануар атауларына қатысты қалыптасқан тілдік бірліктер зоонимдер ретінде қарастырылады. Зоонимдер халықтың табиғатты тану тәжірибесін ғана емес, оның мәдени және рухани құндылықтарын да бейнелейді. Мақал-мәтелдердегі зоонимдер көбіне адамдардың мінез-құлқын, дүниетанымын және әлеуметтік тәжірибесін астарлы түрде сипаттайтын бейнелі құрал қызметін атқарады. Қасқыр, бөрі, көкжал, бөлтірік тәрізді атаулар қазақ паремияларында түрлі семантикалық реңкте қолданылып, халықтың жануарлар әлеміне қатысты танымдық көзқарасын көрсетеді. Осыған байланысты қазақ мақал-мәтелдеріндегі

қасқыр образының этномәдени семантикасын зерттеу ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісін анықтауда маңызды болып табылады.

Қасқыр образының этномәдени мазмұны қазақ дүниетанымымен ғана шектелмейді. Ол түркі халықтарының мифологиялық және мәдени дәстүрлерімен де сабақтасып жатыр. Бұл түсініктер қазақ халқының рухани мұрасында, соның ішінде ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған. Қазақ дүниетанымында қасқыр образы тек табиғи жыртқыш аң ретінде ғана қабылданбайды. Ол халықтың өмірлік тәжірибесімен, көшпелі шаруашылықпен, әлеуметтік ортасымен және моральдық ұстанымдарымен сабақтасқан күрделі этномәдени концепт ретінде көрінеді. Әсіресе мақал-мәтелдер жүйесінде қасқыр бейнесі арқылы адам мінезі, қоғамдық қатынастар, ерлік, қайсарлық, ашкөздік, сақтық, бірлік секілді ұғымдар астарлы түрде беріледі. Паремиялардағы қасқыр образы халықтың дүниетанымын, әлеуметтік тәжірибесін және мәдени жадын бейнелейтін маңызды тілдік модельдердің бірі болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу материалы ретінде «Бабалар сөзі» жүзтомдығының мақал-мәтелдер жинақтарынан іріктелген қасқыр және оның атау нұсқаларына (бөрі, көкжал, абадан, бөлтірік және т.б.) қатысты паремиялық бірліктер пайдаланылды. Зерттеу корпусын қасқыр образы қатысатын 120-дан астам бірегей мақал-мәтел құрайды. Материалдарды жинақтау барысында қайталанатын және варианттық қолданыстар салыстырылып, негізгі семантикалық мазмұны сақталған үлгілер іріктелді.

Зерттеу барысында сипаттамалы, семантикалық, этнолингвистикалық, салыстырмалы және жіктеу әдістері қолданылды. Сипаттамалы әдіс арқылы қасқыр образының мақал-мәтелдердегі қолданыс ерекшеліктері қарастырылды. Семантикалық талдау негізінде қасқырға қатысты паремиялардың мағыналық құрылымы және бағалауыштық сипаты анықталды. Этнолингвистикалық әдіс қасқыр образы арқылы көрініс тапқан мәдени-танымдық ақпараттарды, халықтың дүниетанымы мен құндылықтар жүйесін сипаттауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар мақал-мәтелдер мағыналық ерекшеліктеріне қарай топтастырылып, олардың негізгі семантикалық өрістері айқындалды. Қасқыр және бөрі атауларының қолданыс ерекшеліктерін анықтау мақсатында салыстырмалы талдау әдісі пайдаланылды. Зерттеу нәтижесінде қасқыр образының қауіп пен жыртқыштық, батырлық пен қайсарлық, әлеуметтік қатынастар және тектілік ұғымдарымен байланысты көпқабатты этномәдени семантикасы жүйеленді.

Талдау

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр образының семантикалық табиғатын түсіндіруде мәдени код теориясының маңызы зор. Лингвомәдениеттануда мәдени код белгілі бір халықтың дүниетанымы мен мәдени тәжірибесін тіл арқылы бейнелейтін таңбалар жүйесі ретінде қарастырылады. Зерттеушілер мәдени кодтардың адамның көне архетиптік түсініктерімен сабақтасып, антропоморфтық, биоморфтық, фетиштік, анимикалық және акционалдық түрлерге жіктелетінін көрсетеді. Соның ішінде биоморфтық кодтың негізгі бейнелері өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қатысты болып келеді. Мұндай кодтарда жануар атаулары өздерінің тура мағынасынан гөрі халық санасында қалыптасқан символдық және бағалауыштық мазмұнды білдіреді (Токарев, 2003: 79-80). Осы тұрғыдан алғанда, қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр мен бөрі образдары биоморфтық мәдени кодтың құрамында қарастырылып, халықтың дүниетанымы мен құндылықтар жүйесі туралы маңызды этномәдени ақпаратты сақтайды.

Ж. Манкеева этнолингвистикалық қағиданың негізін «ұлт пен тіл біртұтас» және «тіл мен мәдениет сабақтас» деген ұстанымдар құрайтынын көрсетеді. Ғалымның пікірінше, мақал-мәтелдер мен зоонимдер халықтың мәдени жадын, дүниетанымын және көп ғасырлық танымдық тәжірибесін сақтайтын маңызды тілдік дереккөз болып табылады. Ассоциативті-бейнелі таным нәтижесінде жануарларға тән белгілер адам болмысын сипаттайтын этномәдени модельге айналады (Манкеева, 2014: 247). Осы тұрғыдан алғанда, қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр мен бөрі образдары халықтың дүниетанымы мен құндылықтар жүйесін бейнелейтін мәдени код ретінде қарастырылады.

Осы мәдени кодтың мазмұны қазақ халқының ғана емес, жалпы түркі халықтарының дүниетанымымен тығыз байланысты. Сондықтан қасқыр образының мақал-мәтелдердегі

семантикасын түсіндіруде оның түркілік мәдени-мифологиялық негіздерін ескеру маңызды. Л.Н. Гумилевтың пікірінше, қасқыр образы көне түркілер дүниетанымында ерекше сакралды мәнге ие болған. Ғалым бөрі бейнесін түркі халықтарының тектілік, жауынгерлік рух және билік символымен байланыстырады. Ғалымның тұжырымдауынша, көкбөрі түркілердің шығу тегі туралы аңыздарда арғы тек ретінде сипатталып, түркі қағандарының рәміздік бейнесіне айналған (Гумилев, 1967: 22-23). Бұл түсініктер Б. Өгел еңбектерінде де кеңінен көрініс тапқан. Ғалым «Түрік мифологиясы» еңбегінде қасқырдың түркілер үшін киелі символ болғанын атап көрсетеді (Ögel, 2010: 40-50). Түркі аңыздары мен дастандарында қасқыр халыққа жол көрсетуші, қорғаушы, тектіліктің бастауы ретінде суреттеледі. Мысалы, «Көкбөрі» жырында ұрғашы қасқыр түркі баласын асырап, одан түркі тайпалары тарайды деп баяндалса (Ögel, 2010: 18-28), «Оғыз қаған» жырында көкжал қасқыр Оғыз хан әскеріне жол бастаушы ретінде көрінеді. Ал «Деде Қорқыт» жырларында қасқырдың жүзі «мүбәрак», яғни киелі деп танылған. Сонымен қатар Б. Өгел қасқыр бейнесінің екіжақты сипатын көрсетеді: бір жағынан, ол киелі әрі текті образ болса, екінші жағынан жыртқыштық пен қатыгездіктің символы ретінде де танылады (Ögel, 2010: 115 - 145). Қазақ мақал-мәтелдерінде де қасқыр образының осындай күрделі этномәдени семантикасы сақталған. Паремиялық қорда қасқыр бір жағынан қауіпті, жыртқыш, арам пиғылды бейне ретінде сипатталса, екінші жағынан қайсарлықтың, еркіндіктің, күш пен тектіліктің символы ретінде көрінеді. Бұл қасқыр образы семантикасының бинарлық сипатын көрсетеді. Бұл қазақ дүниетанымындағы қасқыр концептісінің күрделі әрі көпқабатты мәдени мәнін танытады.

Қасқыр образының мәдени-танымдық мазмұнын тереңірек ашу үшін оны концепт ретінде қарастыру маңызды. Ю.С. Степанов концепт құрылымын көпқабатты мәдени-танымдық бірлік ретінде қарастырып, оның құрамын негізгі (актуалды) қабат, тарихи қабат және ішкі форма (этимология) деп үш негізгі қабатқа бөліп көрсетеді (Степанов 2004: 46). Ғалымның пікірінше концептінің негізгі қабаты белгілі бір тілдік қауымдастық мүшелеріне ортақ әрі қазіргі кезеңде белсенді қолданылатын мағыналарды қамтыса, тарихи қабатта ұжымдық жадта сақталған көне мәдени-танымдық түсініктер көрініс табады. Ал ішкі форма концептінің шығу төркінін, бастапқы уәжділігін және этимологиялық негізін танытады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр концептісінің негізгі қабатын жыртқыштық, қауіп, сақтық, айлакерлік сияқты сипаттар құраса, тарихи қабатынан түркі халықтарына тән бөрі культі, қасқырдың тотемдік және сакралды мәні көрінеді. Ал концептінің ішкі формасы қасқырдың бөрі, көкбөрі, көкжал, бөлтірік тәрізді атаулары арқылы ашылып, халықтың жануарға қатысты қалыптасқан дүниетанымдық және бағалауыштық көзқарастарын айқындайды. Сондықтан қасқыр образы мақал-мәтелдерде тек жануар атауы ретінде емес, ұлттық мәдени жады мен этномәдени құндылықтарды жинақтаған күрделі концепт ретінде көрініс табады.

Алынған нәтижелер

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр образына қатысты паремиялық бірліктерді жеке-дара тілдік фактілер ретінде емес, өзара мағыналық және ассоциативтік байланыстар арқылы ұйымдасқан функционалды-семантикалық өріс ретінде қарастыруға болады. Д. Әлкебаева функционалды грамматикада тілдік құралдарды бір-бірінен оқшау емес, өзге тілдік деңгейлермен байланыстағы кешенді тұтастық ретінде қарастыру қажеттілігін атап көрсетеді. Ғалымның «мазмұннан – формаға, ұғымнан – үлгіге» қарай талдау ұстанымы қасқыр образына қатысты мақал-мәтелдердің этномәдени мазмұнын жүйелеуге мүмкіндік береді (Әлкебаева, 2019: 26). Осы тұрғыдан алғанда, зерттеуде алдымен қасқыр образы арқылы берілетін қауіп, жыртқыштық, арамдық, сақтық, қайсарлық, еркіндік, тектілік, бірлік сияқты мағыналық өрістер айқындалып, содан кейін сол ұғымдарды білдіретін паремиялық бірліктер талданады. Бұл өрістің өзегін «қасқыр» және «бөрі» атаулары құраса, перифериялық аймағына көкжал, абадан, бөлтірік, шиебөрі, ақшұлан, қарқұлақ, шоңай, шулан тәрізді атаулар мен солардың қатысуымен жасалған мақал-мәтелдер енеді. Демек, қасқырға қатысты мақал-мәтелдер белгілі бір жануар атауының төңірегінде қалыптасқан жай лексикалық топ емес. Олар қазақ халқының дүниетанымын, құндылықтар жүйесін және этномәдени тәжірибесін жинақтайтын күрделі семантикалық

өріс ретінде танылады. Бұл семантикалық өрістің маңызды ерекшеліктерінің бірі – қасқыр образының метафоралық қызметінің басымдығы. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр образының басым бөлігі метафоралық сипатта қолданылады. Мұнда қасқыр нақты жануарды емес, адам мінезінің белгілі бір қырларын бейнелейтін этномәдени код қызметін атқарады. Қасқырдың жыртқыштығы, сақтығы, қайсарлығы немесе еркіндігі сияқты қасиеттер адамның әлеуметтік және моральдық сапаларын бағалау құралына айналады. Осылайша, мақал-мәтелдер құрамындағы қасқыр образы бір жағынан нақты жануар туралы халықтық тәжірибені бейнелесе, екінші жағынан адам мінезі мен қоғамдық қатынастарды бағалаудың танымдық құралы ретінде қызмет атқарады. Қасқыр образы арқылы жасалған мақал-мәтелдер тек белгілі бір құбылысты сипаттап қана қоймай, оған халықтық баға береді. Сондықтан паремиялардағы қасқыр бейнесі қоғамдық мінез-құлық нормаларын реттеудің, адам әрекетін бағалаудың және моральдық ұстанымдарды бекітудің маңызды құралы ретінде қызмет етеді.

Зоонимдердің мақал-мәтелдердегі қызметі жануардың нақты биологиялық сипатын суреттеумен шектелмейді. Олар халықтың дүниетанымы мен құндылық бағдарларын бейнелейтін символдық-мәдени код ретінде қолданылады. Сондықтан қасқыр образы арқылы берілетін жыртқыштық, сақтық, қайсарлық, еркіндік және тектілік сияқты белгілер халықтың адамға, мінез-құлыққа және әлеуметтік қатынастарға қалыптасқан бағалау жүйесін танытады. Жүргізілген талдау нәтижесінде қасқыр образына қатысты мақал-мәтелдер бірнеше негізгі семантикалық топтарға жіктеледі (1-кесте).

Қазақ мақал-мәтелдерінде қасқыр көбіне «жауыздық», «қатыгездік», «зұлымдық» сияқты жағымсыз сипаттармен байланыстырылған күшті символ ретінде көрінеді. Алайда осындай жағымсыз қасиеттеріне қарамастан, қасқыр асыл әрі құрметке лайық жануар ретінде де қабылданады. У. Гүрсу қазақ мақал-мәтелдерінде қырғыз тіліндегідей айқын жіктелмегенімен, «қасқыр» және «бөрі» атауларының қолданысында көне мағыналық айырмашылықтардың ізі сақталғанын атап көрсетеді (Uğur, 2009: 416). Мұндай мағыналық жіктелудің қалыптасуына қасқырдың көшпелі шаруашылықтағы орны мен түркілік мифологиялық танымдағы сакралды мәртебесі негіз болған. Сондықтан қазақ паремияларында қасқыр образы бір мезгілде қауіптің де, еркіндік пен тектіліктің де символы ретінде көрінеді.

Ең алдымен, қасқыр қазақ мақал-мәтелдерінде қауіп пен жыртқыштықтың символы ретінде танылады. Бұл оның мал шаруашылығына төндіретін нақты қаупімен байланысты қалыптасқан. «*Қасқыр бар жерде малыңа тыныштық жоқ, қасың бар жерде жаныңа тыныштық жоқ*», «*Ұрыдан қауіпсіз болма, қасқырдан қауіпсіз болма*», «*Қасқырдың жүрген жері айғай-аттан*», «Қасқырдың жүрген жері құзғынсыз болмас» сияқты мақалдарда қасқыр қауіп-қатердің, тыныштықты бұзатын күштің бейнесі ретінде сипатталады. Мұнда қасқыр тек табиғаттағы жыртқыш аң емес, адам өміріндегі қауіптің, қастықтың және тұрақсыздықтың символына айналады.

Қасқырдың жағымсыз семантикасы оның арамдық, зұлымдық және ұрлық ұғымдарымен байланысуынан да көрінеді. «*Қасқырдың ойлағаны – арамдық, қойдың ойлағаны – амандық*», «*Қасқырдың іздегені – жамандық, қойдың іздегені – амандық*», «*Қасқыр мен қой жолдас болмас*»,

Семантикалық топ	Негізгі мазмұны
Қауіп пен жыртқыштық	Қауіп, шабуыл, шығын
Арамдық пен зұлымдық	Қастық, ұрлық, әділетсіздік
Ашкөздік пен тойымсыздық	Қанағатсыздық, озбырлық
Батырлық пен қайсарлық	Ерлік, намыс, төзімділік
Еркіндік пен тәуекел	Еркін өмір салты, әрекетшілдік
Бірлік пен ұйымшылдық	Қауымдық тұтастық
Жолдастық пен адалдық	Сертке беріктік, көршілік
Тектілік пен табиғи болмыс	Өзгермейтін мінез, тек

1-кесте. Қасқыр образына қатысты мақал-мәтелдердің негізгі семантикалық топтары
Table 1. Main semantic groups of proverbs and sayings related to the image of the wolf

«Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан», «Қасқырды сұрлығы үшін емес, ұрлығы үшін соғады», «Ұрының қолы қан, бөрінің аузы қан», «Ұры мен бөрі бейғамдықі» тәрізді мақалдарда қасқыр қауіптілікпен қатар әлеуметтік зұлымдықтың да символы ретінде көрінеді. Қой мен қасқырдың қарама-қарсы қойылуы халық дүниетанымындағы «адал – арам», «момын – жыртқыш», «әлсіз – күшті» оппозицияларын бейнелейді.

Қазақ мақал-мәтелдерінде қасқыр ашкөздік пен тойымсыздықтың да бейнесі ретінде қолданылады. *«Қасқыр тойғанына емес, қырғанына мәз», «Қаз орғанына семірер, қасқыр қырғанына семірер», «Адам ойға тоймас, қасқыр қойға тоймас», «Бөрі қойға тоймайды»* мақалдарында қасқырдың тойымсыз табиғаты адам мінезіндегі ашкөздікпен салыстырылады. Мұнда қасқырдың табиғи қасиеті әлеуметтік-этикалық бағаға айналып, адам бойындағы қанағатсыздық пен озбырлықты сынау үшін қолданылады.

Сонымен қатар қасқыр әлсіздік пен қорғансыздық жағдайын сипаттайтын мақалдарда жиі кездеседі. *«Бөлінгенді бөрі жейді», «Жарылғанды жау жейді, бөлінгенді бөрі жейді», «Артта қалғанды аю жер, бөлек кеткенді бөрі жер», «Иесіз қалғанды бөрі жейді», «Қойдан қалған қозы қасқырға тап болады»* мақалдарында қасқыр қорғансыз қалған дүниеге төнетін қауіп ретінде беріледі. Бұл мақалдар халықтың бірлік пен қауымдық тұтастыққа ерекше мән бергенін көрсетеді. Бірлік ұғымының бөрі образы арқылы берілуі түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымында бөрі үйірінің ұйымшылдық пен тұтастықтың символы ретінде қабылдануымен байланысты.

Қасқыр образы сақтық пен қырағылықты білдіретін мақалдарда да ерекше қызмет атқарады. *«Қасқырдан қауіптенсең қаруыңды алып жүр», «Бөріден қорыққан орманға бармайды», «Шегірткеден қорыққан егін екпес, бөріден қорыққан мал жимас», «Бөрі жоқ деме, бөрік астында, Жау жоқ деме, жар астында»* сияқты мақалдарда қасқыр қауіпті алдын ала сезіну, сақ жүру және дайын болу идеясымен байланыстырылады.

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр образының келесі бір мағыналық өрісі – күш, батырлық және қайсарлық. *«Қасқыр да қырық кісінің жүрегі бар», «Қасқырдың қайраты аузында, аюдың қайраты қолында», «Бөрі арығын білдірмес», «Бөрі қартайса да бір қойлық әлі бар»* мақалдарында қасқырдың батылдығы, төзімділігі және айбарлығы жоғары бағаланады. Бұл жерде қасқыр өмірге бейімділіктің, намыстың және рухани беріктіктің символы ретінде көрінеді.

Қасқыр еркіндік пен тәуекелдің де белгісі ретінде қолданылады. *«Бөрі азығы мен ер азығы жолда», «Қасқыр азығын жеті күндік жерден, жеті күн елден жейді»* мақалдарында бөрі мен ер адамның қатар қойылуы кездейсоқ емес. Мұнда екеуіне де тән еркін қозғалыс, тәуекел және өз күшіне сүйену идеясы көрініс тапқан. Бұл мақалдарда көшпелі өмір салтына тән еркін қозғалыс, тәуекелге бейімділік, өз күшіне сүйену идеялары көрініс табады.

Қасқырдың тәжірибесі мен айлакерлігі де мақал-мәтелдерде ерекше көрініс табады. *«Жас қасқыр жалтаңға қашады, кәрі қасқыр қалыңға қашады», «Кәрі қасқыр қақпанға түспейді», «Қасқыр ұрғанша жол табады»* мақалдарында қасқырдың өмірлік тәжірибесі мен сақтығы бейнеленеді. Мұнда қасқыр адамның ақыл-парасатын, тәжірибесін сипаттайтын модель ретінде қолданылған.

Әлеуметтік қатынастарды бейнелеуде де қасқыр образы маңызды орын алады. *«Қасқыр топтан қорқады», «Үйірлі қойдан қасқыр да қорқады», «Ауыл иті ала болса да, бөрі көргенде бірігеді», «Ит өзара ала үрсе де, қасқыр көргенде бірігіп үреді»* мақалдарында ұжымдық әрекет пен ұйымшылдық идеясы көрінеді. Бұл жерде қасқыр сыртқы қауіптің символы ретінде алынған.

Мақал-мәтелдерде қасқырдың өз ортасына адалдығы да атап көрсетіледі. *«Қасқыр да жолдасына қас қылмайды», «Бөрі де жолдасына қас қылмайды»*, «Бөрі қоңсысын жемейді» мақалдары арқылы халық жолдастық, көршілік және сертке беріктік сияқты моральдық құндылықтарды дәріптейді.

Қасқыр бейнесі арқылы билік пен әлеуметтік әділет мәселелері де көрініс табады. *«Бір қора қойды бір қасқырға бақтырса, бәрі қасқыр болып кетеді», «Бөріні шопан қылсаң, қойды мен өлтіріп едім, жеуін түлкі жеді дер», «Қайырымсыз болыстан қасқыр алған ит артық»* мақалдарында қасқыр озбырлықтың, жауапсыз басқарудың символы ретінде қолданылады.

Мақал-мәтелдер құрамында бөрі, көкжал, бөлтірік сияқты атаулардың кездесуі қасқыр образының қазақ мәдени жадында көпқырлы этномәдени мәнге ие болғанын аңғартады. Сонымен қатар материалдарды талдау барысында «қасқыр» және «бөрі» атауларының

Қасқыр атауында басым көрінетін семантика	Бөрі атауында басым көрінетін семантика
Қауіп	Ерлік
Шабуыл	Тектілік
Жыртқыштық	Қайсарлық
Арамдық	Еркіндік

2-кесте. «Қасқыр» және «бөрі» атауларының семантикалық ерекшеліктері
Table 2. Semantic features of the terms «qaskyr» (wolf) and «bori»

қолданысында белгілі бір семантикалық айырмашылық байқалды (2-кесте).

«Қасқыр» атауы көбіне қауіп, шабуыл, арамдық және жыртқыштық мәндерімен байланысса, «бөрі» атауы еркіндік, қайсарлық, тектілік және күш ұғымдарымен жиі сабақтасады. Мұны «Қасқырдың ойлағаны – арамдық», «*Қасқыр тойғанына емес, қырғанына мәз*» және «*Бөрі арығын білдірмес*», «*Бөрі азығы мен ер азығы жолда*» тәрізді мақалдардан байқауға болады. Материалдарды талдау барысында «қасқыр» мен «бөрі» атауларының толық синоним емес екендігі байқалады. Паремиялық қолданыста олардың әрқайсысы белгілі бір бағалауыштық жүктемеге ие. Бұл ерекшелік қазақ дүниетанымында көне түркілік бөрі культінің іздері сақталғанын және қасқыр образының этномәдени семантикасының ішкі жіктелуге ие екенін көрсетеді. Бұл ерекшелік кейбір паремияларда көне дүниетанымдық қабаттардың сақталуымен де байланысты. Мәселен, С. Шүкіруұлы «*Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар*» мақалындағы «бөрі» мен «тәңірі» ұғымдарының көнетүркілік дүниетанаммен сабақтас екенін атап көрсетеді (Шүкіруұлы, 2004: 28). Бұл дерек «бөрі» атауының қазақ дүниетанымында тек жыртқыш аңды ғана емес, көне түркілік сакралды түсініктермен астасқан мәдени-символдық мәнге де ие болғанын аңғартады. Яғни, көкбөрі образы көк аспанмен, тәңірлік танымен байланыстырылып, киелі күштің символы ретінде қабылданған. Қ. Ғабитханұлы да түркі халықтарының көне дүниетанымында бөрінің ерекше киелі мәртебеге ие болғанын атап көрсетеді. Зерттеушінің пікірінше, қазақ халқы қасқырды жай ғана жыртқыш аң ретінде емес, «Тәңірінің серігі» ретінде таныған. Осы түсінікке байланысты оның атын тура атамай, ит-құс, ұлыма, тік құлақ, қара құлақ, серек құлақ, көкжал сияқты эвфемистік атауларды қолданған. Мұндай тілдік табулар мен алмастырулар қасқырға деген құрмет пен сакралды көзқарастың көрінісі болып табылады (Ғабитханұлы, 2006: 34).

Қасқыр образының қазақ дүниетанымындағы маңыздылығы оған қатысты атаулардың молдығынан да көрінеді. Ә. Қайдар қазақ тілінде қасқырға қатысты абадан, көкжал, ақшұлан, қарқұлақ, шонай сияқты көптеген атаулардың сақталғанын көрсетеді. Ғалым мұндай атаулардың қалыптасуын халықтың қасқыр табиғатын терең танып-білуімен және оған деген ерекше көзқарасымен байланыстырады (Қайдар, 2013: 396-397). Бұл атаулардың молдығы қасқырдың қазақ мәдениетіндегі ерекше орнын және оның этномәдени семантикасының күрделілігін аңғартады (3-кесте).

Жинақталған материалдарда қасқырдың негізгі атауларымен қатар оның жасына, жынысына немесе ерекшелігіне байланысты қолданылатын атау нұсқалары да кездеседі. Мысалы, абадан, бөрі, бөлтірік тәрізді атаулар қасқыр образының семантикалық өрісін кеңейтеді. «*Атадан туған алты болса да, абаданы бір-дүр*» мақалында абадан көптің ішіндегі ерекше, айбынды тұлғаны білдірсе, «*Бөлтірікті асыраганымен ит болмас*», «*Бөрі баласын бөрікке салсаң, ит болмас*» мақалдарында тектік табиғаттың өзгермейтіндігі туралы түсінік көрініс табады.

Осылайша, қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр образы қауіп пен жыртқыштықтың, ашкөздік пен арамдықтың ғана емес, батырлықтың, қайсарлықтың, еркіндіктің, тектіліктің және әлеуметтік тәртіптің де символы ретінде қолданылады. Бұл қасқыр образының қазақ дүниетанымында бірмәнді емес, көпқабатты семантикалық құрылымға ие екенін көрсетеді. Қасқыр образының мұндай семантикалық күрделілігі оның архетиптік табиғатымен байланысты. Әртүрлі мәдени дәстүрлерде қасқыр бірде қауіпті жыртқыш, бірде қорғаушы, жол көрсетуші немесе ата-тек бейнесінде көрінеді. Қазақ

Атау	Қолданыс сипаты	Этномәдени сипаты
Қасқыр	Жалпы атау	Қауіп пен жыртқыштық бейнесі
Бөрі	Киелі атау	Тектілік пен ерліктің символы
Абадан	Дара атау	Айбындылықты білдіреді
Бөлтірік	Жас ерекшелігіне қатысты атау	Тектік сабақтастық ұғымымен байланысты
Көкжал	Сипаттамалық атау	Батырлық пен қайсарлықты білдіреді
Ақшұлан	Балама атау (қасқырдың ұрғашысы)	Қасқырға қатысты атаулар жүйесінің құрамдас бөлігі
Қарқұлақ	Эвфемистік атау	Табу дәстүрінің көрінісі
Шоңай	Балама атау	Аймақтық қолданыстарда сақталған
Шулан	Балама атау (қасқырдың ұрғашысы)	Қасқырға қатысты атаулар жүйесінің құрамдас бөлігі
Көркеу (қорқау)	Балама атау	Қасқырға қатысты атаулар жүйесінің құрамдас бөлігі

3-кесте. Қасқырға қатысты атаулардың этномәдени семантикасы
Table 3. Ethnocultural semantics of names related to the wolf

мақал-мәтелдеріндегі қасқыр образы да осы архетиптік көпқабаттылықтың тілдегі көрінісі болып табылады. Демек, қасқыр образы қазақ халқының табиғат туралы танымын ғана емес, оның тарихи жады мен мәдени құндылықтар жүйесін де бейнелейді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр образының көпқырлы мағыналық құрылымға ие екені анықталды. Паремиялық материалдарды талдау барысында қасқыр бейнесінің қауіп пен жыртқыштық, арамдық пен зұлымдық, ашкөздік пен тойымсыздық сияқты жағымсыз мәндермен қатар батырлық, қайсарлық, еркіндік, төзімділік, тектілік және сертке беріктік сияқты жағымды қасиеттерді де білдіретіні айқындалды. Бұл қасқыр образының қазақ дүниетанымында бинарлық сипатта қабылданғанын көрсетеді.

Зерттеу барысында «қасқыр» және «бөрі» атауларының қолданысында белгілі бір семантикалық жіктелудің сақталғаны байқалды. Паремияларда «қасқыр» атауы көбіне қауіп, шабуыл, жыртқыштық және арамдық ұғымдарымен байланысса, «бөрі» атауы күш, қайсарлық, еркіндік және тектілік мәндерімен жиірек сабақтасады. Ә. Төлеубаев қазақтың дәстүрлі дүниетанымында қасқырдың тотемдік және культтік сипатқа ие болғанын, ал халықтық түсінікте оған батылдық, қайсарлық және сертке беріктік сияқты қасиеттер тән деп қабылдағанын көрсетеді (Төлеубаев, 2013: 130-133). Бұл деректер зерттеу барысында анықталған бөрі образының оң бағалауыштық семантикасын этномәдени тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар абадан, бөлтірік, көкжал, шиебөрі тәрізді атаулардың қолданылуы қасқыр образының этномәдени мазмұнын тереңдетіп, оның семантикалық өрісін кеңейтетіні анықталды.

«Бабалар сөзі» жүзтомдығы материалдары негізінде жүргізілген талдау қасқыр образының қазақ мақал-мәтелдеріндегі халықтың тарихи тәжірибесін, әлеуметтік қатынастарға көзқарасын, моральдық ұстанымдарын және мәдени құндылықтарын бейнелейтін маңызды мәдени код ретінде қызмет ететінін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері қасқыр образының ұлттық дүниетанымдағы құндылықтар жүйесін танытатын әрі ұлттық танымның тілдегі көрінісін айқындайтын маңызды паремиологиялық бірлік екенін дәлелдеді.

Әдебиет

1. Gürsu U., 2009. Kazak Türkçesi'ndeki ve Türkiye Türkçesi'ndeki Atasözlerinin Karşılaştırmalı Biçimde İncelenmesi. Yayımlanmış doktora tezi. İstanbul: İstanbul Üniversitesi. 1608 s.

2. Honeck R. P., 1997. A Proverb in Mind: The Cognitive Science of Proverbial Wit and Wisdom. Mahwah, New Jersey: Lawrence Erlbaum Associates. 308 p.

3. Mieder W., 1997. Modern Paremiology in Retrospect and Prospect // Paremia №6. P. 399-400.

4. Ögel B., 2010. Türk Mitolojisi I. Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınları. 644 s.

5. Әлкебаева Д., 2019. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. Алматы: Қазақ университеті. 200 б.

6. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 65; 2010. Қазақ мақал-мәтелдері. Астана: Фолиант. 405 б.

7. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 66; 2010. Қазақ мақал-мәтелдері. Астана: Фолиант. 488 б.

8. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 67; 2011. Қазақ мақал-мәтелдері. Астана: Фолиант. 462 б.

9. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 68; 2011. Қазақ мақал-мәтелдері. Астана: Фолиант. 400 б.

10. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 69; 2011. Қазақ мақал-мәтелдері. Астана: Фолиант. 438 б.

11. Гумилев Л.Н. 1967. Древние Тюрки. Москва: Наука. 501 с.

12. Ғабитханұлы Қ., 2006. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. Алматы: Арыс. 165 б.

13. Қайдар Ә., 1998. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. Алматы: Ана тілі. 304 б.

14. Қайдар Ә., 2013. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). Алматы: Сардар, 3-том. Табиғат. 607 б.

15. Манкеева Ж., 2014. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: «Абзал-Ай» баспасы. 640 б.

16. Пермяков Г.Л., 1979. Пословицы и поговорки народов Востока. Систематизированное собрание изречений двухсот народов. М., Главная редакция восточной литературы издательства «Наука». 671 с.

17. Степанов Ю.С., 2004. Константы: Словарь русской культуры: 3-е изд. М.: Академический проект, 992 с.

18. Токарев Г.В., 2003. К вопросу о типологии культурных коннотаций//Филологические науки. №2. С. 79-86.

19. Төлеубаев Ә.Т., 2013. Қазақ халқы этнографиясының мәселелері. 2-том. Алматы: Service Press. 496 б.

20. Шүкірұлы С., 2004. Таныс сөздің бейтаныс сырлары. Алматы: Сөздік-Словарь. 160 б.

References

1. Gürsu, U., 2009. Kazak Türkçesi'ndeki ve Türkiye Türkçesi'ndeki Atasözlerinin Karşılaştırmalı Biçimde İncelenmesi [A Comparative Study of Proverbs in Kazakh Turkish and Turkey Turkish]. Unpublished Doctoral Dissertation. Istanbul: Istanbul University. 1608 p. [in Turkish].

2. Honeck, R.P., 1997. A Proverb in Mind: The Cognitive Science of Proverbial Wit and Wisdom. Mahwah, New Jersey: Lawrence Erlbaum Associates. 308 p. [in English].

3. Mieder, W., 1997. Modern Paremiology in Retrospect and Prospect. Paremia, No. 6, pp. 399–400. [in English].

4. Ögel, B., 2010. Türk Mitolojisi I [Turkish Mythology I]. Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınları. 644 p. [in Turkish].

5. Alkebaeva, D., 2019. Qazaq tilinin funktsionaldy grammatikasy [Functional Grammar of the Kazakh Language]. Almaty: Qazaq Universiteti. 200 p. [in Kazakh].

6. Babalar sozi: Zhuz tomdyq [Wisdom of the Ancestors: One Hundred-Volume Edition]. Vol. 65. Qazaq maqal-matelderi [Kazakh Proverbs and Sayings]. Astana: Foliant, 2010. 405 p. [in Kazakh].

7. Babalar sozi: Zhuz tomdyq [Wisdom of the Ancestors: One Hundred-Volume Edition]. Vol. 66. Qazaq maqal-matelderi [Kazakh Proverbs and Sayings]. Astana: Foliant, 2010. 488 p. [in Kazakh].

8. Babalar sozi: Zhuz tomdyq [Wisdom of the Ancestors: One Hundred-Volume Edition]. Vol. 67. Qazaq maqal-matelderi [Kazakh Proverbs and Sayings]. Astana: Foliant, 2011. 462 p. [in Kazakh].

9. Babalar sozi: Zhuz tomdyq [Wisdom of the Ancestors: One Hundred-Volume Edition]. Vol. 68. Qazaq

maqal-matelderi [Kazakh Proverbs and Sayings]. Astana: Foliant, 2011. 400 p. [in Kazakh].
10. Babalar sozi: Zhuz tomdyq [Wisdom of the Ancestors: One Hundred-Volume Edition]. Vol. 69. Qazaq maqal-matelderi [Kazakh Proverbs and Sayings]. Astana: Foliant, 2011. 438 p. [in Kazakh].
11. Gumilev, L.N., 1967. Drevnie tyurki [Ancient Turks]. Moscow: Nauka. 501 p. [in Russian].
12. Gabitkhanuly, Q., 2006. Qazaq mifologiyasynyn tildegi korinisi [The Reflection of Kazakh Mythology in Language]. Almaty: Arys. 165 p. [in Kazakh].
13. Kaidar, A., 1998. Qazaq tilinin ozekti maseleleri: Aktualnye voprosy kazakhskogo yazyka [Topical Issues of the Kazakh Language]. Almaty: Ana tili. 304 p. [in Kazakh].
14. Kaidar, A., Qazaqtar ana tili aleminde (etnolingvistikalyq sozdik) [Kazakhs in the World of Their Native Language (Ethnolinguistic Dictionary)]. Vol. 3. Tabigat [Nature]. Almaty: Sardar. 607 p. [in Kazakh].
15. Mankeeva, Zh. 2014. Qazaq til biliminin maseleleri [Issues of Kazakh Linguistics]. Almaty: Abzal-Ai Publishing House. 640 p. [in Kazakh].
16. Permyakov, G.L., 1979. Poslovitsy i pogovorki narodov Vostoka. Sistematizirovannoe sobranie izrecheniy dvukhsot narodov [Proverbs and Sayings of the Peoples of the East. A Systematized Collection of Sayings of Two Hundred Peoples]. Moscow: Nauka. 671 p. [in Russian].
17. Stepanov, Y.S., 2004. Konstanty: Slovar russkoy kultury [Constants: Dictionary of Russian Culture]. 3rd ed. Moscow: Akademicheskiy Proekt. 992 p. [in Russian].
18. Tokarev, G.V., 2003. K voprosu o tipologii kulturnykh konnotatsiy [On the Typology of Cultural Connotations]. Filologicheskie nauki, No. 2, pp. 79–86. [in Russian].
19. Toleubaev, A.T., 2013. Qazaq khalqy etnografiyasynyn maseleleri [Issues of Kazakh Ethnography]. Vol. 2. Almaty: Service Press. 496 p. [in Kazakh].
20. Shukiruly, S., 2004. Tanys sozdin beytanys syrlary [Unknown Secrets of Familiar Words]. Almaty: Sozdik-Slovar. 160 p. [in Kazakh].

Ермекбаева М.А.
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Республика Казахстан
e-mail: maira_08@bk.ru

ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ СЕМАНТИКА ОБРАЗА ВОЛКА В КАЗАХСКИХ ПОСЛОВИЦАХ И ПОГОВОРКАХ

Аннотация. В статье рассматривается этнокультурная семантика образа волка в казахских пословицах и поговорках. Образ волка является одним из сложных культурно-когнитивных кодов, занимающих важное место в мировоззрении казахского народа, культурной памяти и системе ценностей. Цель исследования заключается в выявлении смысловой структуры образа волка в казахских паремиях и раскрытии его этнокультурного содержания. Материалом исследования послужили более 120 паремий, отобранных из сборников пословиц и поговорок стотомного издания «Бабалар сөзі», содержащих наименования қасқыр, бөрі, абадан, бөлтірік и другие лексемы, связанные с образом волка. В ходе исследования были использованы описательный, семантический, этнолингвистический, сравнительный методы, а также классификации. В результате анализа были выявлены основные семантические группы пословиц и поговорок, связанных с образом волка, отражающие представления об опасности и хищничестве, коварстве и злобе, жадности и ненасытности, храбрости и стойкости, свободе и готовности к риску, а также единстве, товариществе и благородстве. Кроме того, установлено, что в употреблении наименований «қасқыр» и «бөрі» сохраняется определённая семантическая дифференциация: лексема «қасқыр» преимущественно связана с семантикой опасности, хищничества и коварства, тогда как лексема «бөрі» соотносится с

понятиями силы, стойкости, свободы и благородства. Результаты исследования показали, что образ волка представляет собой многослойную этнокультурную модель в казахском мировоззрении и является одним из важных лингвистических кодов, отражающих систему национальных ценностей, культурную память и мировоззренческие установки народа.

Ключевые слова: казахские пословицы, паремия, образ волка, этнокультурная семантика, этнолингвистика, культурный код, тюркское мировоззрение, зоонимы, функционально-семантическое поле.

Для цитирования: Ермекбаева М.А. Этнокультурная семантика образа волка в казахских пословицах и поговорках // Мәдени мұра. 2026. №2 (113). С. 179-190 (каз.)

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.14

Yermekbayeva M.A.
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Republic of Kazakhstan
e-mail: maira_08@bk.ru

ETHNOCULTURAL SEMANTICS OF THE WOLF IMAGE IN KAZAKH PROVERBS AND SAYINGS

Abstract. This article examines the ethnocultural semantics of the wolf in Kazakh proverbs and sayings. The wolf image represents one of the complex cultural and cognitive codes that occupy an important place in the worldview, cultural memory, and value system of the Kazakh people. The aim of the study is to identify the semantic structure of the wolf image in Kazakh paremias and reveal its ethnocultural content. The research material consists of more than 120 paremiological units selected from the proverb and saying collections of the one-hundred-volume series «Babalar sozi», including the names qasqyr, bori, Abadan, boltirik and other lexical units associated with the wolf image. The study employs descriptive, semantic, ethnolinguistic, comparative, and classification methods. The analysis identified the main semantic groups of proverbs and sayings related to the wolf image, reflecting notions of danger and predatory behavior, cunning and malice, greed and insatiability, bravery and resilience, freedom and risk-taking, as well as unity, companionship and nobility. In addition, the study revealed the preservation of certain semantic differentiation between the names qasqyr and bori: the lexeme qasqyr is predominantly associated with the semantics of danger, predation and cunning, whereas bori is connected with the concepts of strength, resilience, freedom and nobility. The findings demonstrate that the wolf image constitutes a multilayered ethnocultural model within the Kazakh worldview and serves as an important linguocultural code reflecting the system of national values, cultural memory and worldview orientations of the people.

Key words: Kazakh proverbs and sayings, paremia, wolf image, bori, ethnocultural semantics, ethnolinguistics, cultural code, Turkic worldview, zoonyms, functional-semantic field.

For citation: Yermekbayeva M.A. Ethnocultural semantics of the wolf image in Kazakh proverbs and sayings // Madeni mura. 2026. №2 (113). pp. 179-190 (in Kaz.)

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.14

Автор туралы мәлімет:
Ермекбаева Майра Аманбековна, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, ҚР Ұлттық музейінің ғылыми хатшысы, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0000-0002-0606-2144

Информация об авторе:
Ермекбаева Майра Аманбековна, докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва, научный секретарь Национального музея Республики Казахстан, Астана, Казахстан.
ORCID: 0000-0002-0606-2144

About the author:
Yermekbayeva Maira Amanbekovna, PhD Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Scientific Secretary of the National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-0606-2144